

# Тарбағатай



АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ  
ГАЗЕТ 1936 ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫНАН ШЫҒАДЫ.  
TARBAGATAY@MAIL.RU

№24 (8589) 30 мамыр, СЕНБІ, 2026 жыл

## Құрметті аудан тұрғындары!

Жаз мезгілінің бірінші күніне дәл келетін 1 маусым-Балаларды қорғау күні - халықаралық мерекелердің бірі. Жыл өткен сайын бұл күннің мерейі артпаса кеміген емес. Бұл күн - бәріміз үшін ерекше күн.

Аудан тұрғындарын, әсіресе бүлдіршіндерімізді осы тамаша мереке - Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Елдің баянды болашағы - сіздердің қолдарыңызда. Адам өміріндегі ең үлкен бақыт - ұрпақ өсіру, бала тәрбиелеу. Бүгінгі бала - елдің ертеңі, болашағы, ұлттың жалғасы екені белгілі.

Тағы да бүлдіршіндерді бүгінгі мерекемен шын жүректен құттықтаймыз! Ата-ананың көз қуанышы-балаларымыздың жүзінен шаттық кетпесін!

Аудан әкімі

Аудандық мәслихат төрағасы

Е.ЕСКЕНДІРОВ.

Ж.ОРАЗҒАЛИЕВ.

## Құрметті аудан тұрғындары!

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні. Деректерге жүгінсек, 1992 жылы дәл осы күні тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітілді.

Мемлекеттік рәміздер - мемлекеттің мызғымас негіздерінің бірі. Мемлекеттік рәміздер әр адам үшін қастерлі де қасиетті. Еліміздің көк туын талай альпинистер биік тау шыңдарына орнатып, спортшыларымыз әлемдік деңгейдегі жарқын жеңістерде желбіретіп, көзге жас, көңілге ерекше рух беріп келеді. Бұл дегеніміз, қай-қайсымыз да Туымыз, Өнұранымыз және Елтаңбамыздың асқақ рух, азаттық, қаһармандық пен даналықтың қастерлі нышаны екенін сезінгендігіміз деп түсінеміз.

«Алаш туы астында, күн сөнгенше сөнбейміз!» деп жырлаған Сұлтанмахмұт Торайғыров секілді қазақтың біртуар азаматтары да елдік мұраттың бәрінен жоғары тұратынын айғақтап берді. «Қазақ болып тумағанда негер ем? Қалай басқа байрақтарды көтерем? Жеті бірдей қазынамнан айырылып, Жеті атамды жаттай алмай кетер ем» деген ән жолдарының өзі мемлекеттік рәміздеріміздің Тәуелсіздіктің басты нышаны екендігін санамызға бекіте түседі.

Құрметті жерлестер, бүгінгі бейбіт заманымыз кешегі бабалардың жанкешті ерлігімен келгенінен естен шығармайық. Бүгінгі мерекеміз құтты болсын, көк туымыз мәңгі желбіреп, қазақ елінде тек бейбітшілік салтанат құрсын. Ел іргесі тыныш болсын, баршаңызға бақыт, ырыс-береке тілейміз!

Аудан әкімі

Аудандық мәслихат төрағасы

Е.ЕСКЕНДІРОВ.

Ж.ОРАЗҒАЛИЕВ.

## Таймасын бағың!

Елдіктің туын көтеріп,  
Тіктеді елім еңсені.  
Рәсімдерін бекем қылып,  
Қиындықтарды еңсерді.  
Көк туым көкте желбіреп,  
Нақышым ұлттық тұр анық.  
Қанатын жаяр кеңірек,  
Күн астындағы қыраным.  
Авторы Шәкен есімін,  
Біледі жатқа әр өрен.  
Бостандық жеткен кешігіп,  
Қазақты танып бар әлем.  
Елтаңбаммен мақтанам,  
Қос пырағы бар қанатты.  
Уығы - шапақ шаттанар,

Шаңырағы - кие қазақтың.  
Дөңгелек ғалам шегі жоқ,  
Жұлдызым тұрар биікте.  
Шот-Аман менен Жандарбек,  
Ұлдары ұлттың сүйікті.  
Шаттықтың жыры Өнұран,  
Көңілдің күйі тасыған.  
Шәмші менен Жүмекенім,  
Қалдырыпты ғасырға ән.  
Мақтансаң, қазақ, сен  
мақтан,  
Жаралған тегің асылдан.  
Рәміздер күні құтты боп,  
Таймасын бағың басыңнан.

Ұзақбек АТАНБАЕВ.

## ■ Баспасөз - 2026

«ТАРБАҒАТАЙҒА» ЖАЗЫЛУ  
ЖҮРГІЗІЛУДЕ

2026 жылдың II жартыжылдығына баспасөзге жазылу жүргізілуде.

"Тарбағатай" газетінің бағасы "Қазпошта" арқылы 6 айға 3561 теңге 12 тиын. Газеттің жазылу индексі - 19031.

Редакцияға өзі келіп жазылушылар үшін газет бағасы 6 айға 2800 теңге. Бұл жағдайда жазылушылар газетті редакциядан өздері келіп алады.

Құрметті оқырман! Сізді "Тарбағатайдан"  
қол үзбейді деп сенеміз!

## ● Жас түлек

# СОҒЫЛДЫ СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

25 мамыр жер-жердегідей ауданымыздың барлық мектептерінде соңғы қоңырау салтанаты өтті. Түлектер үшін оқушылық кезеңнің парағы жабылып, жаңа өмірге қадам басар сәт. Бұл күн шәкірттер 11 жыл білім алған алтын ұяларымен қоштасып, ата-аналар, ұстаздар ақ тілегін ақтарып, батасын беретін мерекелі күн.

Ауданымыздағы білім саласының жыл өткен сайын жетістіктері молайып, жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Аудандық білім бөлімінің мәліметінше, биылғы оқу жылында 33 түлек "Алтын белгі" төсбелгісіне, 21 түлек "Үздік аттестатқа" ұсынылыпты. Бұл аудан мектептеріндегі ұстаздар мен оқушылардың және ата-аналардың ортақ жетістігі.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде оқушылардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалуда. Қазіргі таңда білім ордаларының материалдық-техникалық базасы жыл сайын жаңарып, толығып келеді. Қажетінше жаңа, жайлы мектептер салынууда. Мұның барлығы еліміздің болашағына жастарға жарқын болашақ сыйлау мақсатында жүзеге асып жатқан игілікті істер.

АҚСУАТ. К.Нұрбаев орта мектебінде өткен түлектердің мектеп бітіру кешіне аудан әкімі Еркін Ескендіров қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Жас түлектердің үлкен өмірге басқалы отырған қадамдарына сәттілік тіледі.

Іс-шара барысында оқу жылында жоғары жетістікке жеткен бірқатар ұстазға облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасы, аудандық білім бөлімінің Алғыс хаттары табысталды.



Сондай-ақ іс-шарада аудандық полиция бөлімінің бастығы Әділет Бауыржанов қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

ОЙШІЛІК. Салтанатты жиын мектеп директоры Малгаждарова Гүлнара Әскербекқызының жүрекжарды тілегімен басталды. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Тілек Еркінғазыұлы мен ауыл әкімі Өлібек Бейілғожин қатысып, түлектерге жүрекжарды тілектерін арнап, алдағы өмір жолдарына сәттілік тіледі.

Ақсуат АПБ ҚҚБ УПИ полиция майоры Қ.Тыныбаев оқушыларға қауіпсіздік шаралары жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, жазғы демалыс кезіндегі сақтық мәселелеріне тоқталды. Жыл сайын оқу жылын үздік нәтижемен аяқтап, облыстық олимпиадаларда жүлделі орын алып жүрген оқушыларды қолдау мақсатында Бейілғожин Серікқали

Төкенұлының ұрпақтары тарапынан 5 оқушыға 100 мың теңгеден арнайы шәкіртақы табысталды. Сондай-ақ, Құсайынов Данияр Тілешұлы атындағы шәкіртақы спорттағы жетістіктері үшін 3 оқушыға, Қыдыргелдин Ертау Советұлы атындағы шәкіртақы білім саласындағы жетістіктері үшін 3 оқушыға, биылғы оқу жылында алғаш рет мектебіміздің түлегі болған білікті маман Габдуллин Бейбіт Төлеуғазыұлы атындағы шәкіртақы мектепті "Алтын белгімен" аяқтаған 3 түлекке табысталды. Салтанатты жиын ары қарай мектеп бітіруші түлектердің мерекелік шарасымен жалғасын тапты. Осындай игі бастамалардың басты мақсаты-жас ұрпақтың білімге деген құштарлығын арттырып, талантты әрі талапты оқушыларға қолдау көрсету. Түлектерге ақ жол, жарқын болашақ, биік белестер тілейміз.

## ● Руханият

# Мәдениет саласының мамандары марапатталды

Ақсуат мәдениет үйінде өткен Мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсімі халқымыздың рухани өмірінің кемелденуіне, ұлттық болмысымыз бен бай мәдени мұрамыздың сақталуына әлшеусіз үлес қосып келе жатқан мәдениет қызметкерлеріне көрсетілген үлкен құрмет пен ризашылықтың белгісі. Осы шарада аудан әкімінің орынбасары Т.Мәселов құттықтау сөз сөйлеп, мәдениет қызметкерлерін марапаттады.

Абай облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен "Руханият - 2026" сыйлығымен Ақсуат мәдениет үйі жанындағы "Бабалар сазы" халықтық этно ансамблі "Үздік шығармашылық ұжым" номинациясымен және 300000 теңге сертификатпен, "Өнерді қолдау" қоғамдық бірлестігі эстрадалық вокал үйірмесінің оқушысы Болатхан Еркежан "Жылдың жаңа есімі" номинациясымен және 300000 теңге сертификатпен, "Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіподағы" қоғамдық бірлестігінің "Еңбек даңқы" төсбелгісімен Ақсуат мәдениет үйі директорының орынбасары Орынбекова Қарлығаш, "Мәдениет саласының кәсіподақ үздігі" төсбелгісімен Ақсуат мәдениет үйінің өртісі Орынбекова Сандуғаш, Қазақстан Кітапханалар Одағының "Қазақстанның Құрметті кітапханашысы" төс белгісімен Қалдыбаева Алма, Астана қаласы, "AMANAT" партиясы атқарушы хатшысының Алғыс хатымен Ақсуат мәдениет үйінің өртісі Марат Батырбеков, Абай облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының Алғыс хатымен орталықтандырылған кітапханалар жүйесі



коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Күдерина Арай, Ақсуат мәдениет үйі "Көктем" эстрадалық ансамблінің көркемдік жетекшісі Ахметов Ғалымбек, Ақсуат мәдениет үйі директорының орынбасары Ноқанов Жасұлан марапатталды.

Бұдан бөлек сала мамандарына Қазақстан Кітапханалар Одағының Құрмет грамотасы, Алғыс хаты, "Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіподағы" қоғамдық бірлестігінің Алғыс хаты, Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасы директорының Алғыс хаты тапсырылды. Ақсуат мәдениет үйінің әдіскері Оқасова Бақытгүл "Ауданның әлеуметтік және экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін" төсбелгісіне ие болды. Мәдениет саласында жемісті қызмет етіп келе жатқан бірнеше қызметкерге аудан әкімінің Алғыс хаты тапсырылды.

Қ.ОРЫНБЕКОВА,  
Ақсуат Мәдениет үйі директорының орынбасары.

## Хабарландыру

Белгісіз иесі бар (иесіз) "Казпошта" АО-ның шоттарындағы ақшалай қаражатты иесіз деп тану туралы хабарланады.

### 2019 жыл

- 1) Тлеглов Мухтар Советавич (1137 теңге)
- 2) Шайзадина Дамең (7125 теңге)
- 3) Булдырханова Кайша (7125 теңге)
- 4) Джансуонова Бибитай Ахмадиевна (15484 теңге)
- 5) Калелова Зейнеш (22000 теңге)

### 2020 жыл

- 1) Нуркасимова Гульдарига (7125 теңге)
- 2) Кажтаева Анар Ануарбековна (12467 теңге)
- 3) Каримова Нуркиса (8755 теңге)
- 4) Шықтыбаев Оразгали Сабинвич (1067 теңге)
- 5) Оспанова Мейрамгуль Төлеубаевна (1067 теңге)
- 6) Алтаев Амангельды (1067 теңге)
- 7) Балгабаев Женис (1067 теңге)
- 8) Ахметов Сайлаубек (2567 теңге)
- 9) Нургазин Аскарбек Заманбекович (2567 теңге)
- 10) Китатов Кенжебек Камалович (16750 теңге)
- 11) Сахариева Бикен (8134 теңге)
- 12) Бекишова Мария Жунусовна (45555 теңге)
- 13) Оленбаев Сайранбек Аленович (19268 теңге)
- 14) Каримаева Куляш (11585 теңге)
- 15) Далабаев Касенжан Кажыбаевич (2751 теңге)

### 2021 жыл

- 1) Илясов Айткали Аубакирович (6634 теңге)
- 2) Уызбаев Хасен (8134 теңге)
- 3) Сламова Маржан Собетбековна (1067 теңге)
- 4) Бекбаева Мария Тусупжановна (11585 теңге)
- 5) Берикболова Сабира (11585 теңге)
- 6) Ахметова Кулсара (23340 теңге)

- 7) Мухаметжанова Багжан (11640 теңге)
- 2022 жыл**
- 8) Жетибаева Нурсага (19991 теңге)
  - 9) Тағабай Болат Құнанбайұлы (8134 теңге)
  - 10) Сулейменов Кайргали (24835 теңге)
  - 11) Мадвеков Назарбек Садвакасович (1067 теңге)

### 2023 жыл

- 1) Айсаулин Базарбек (104741 теңге)
- 2) Нурмухаметова Рысалды (24835 теңге)
- 3) Баяхметов Назарбек (20000 теңге)
- 4) Кесебаев Акремхан Кусманович (8134 теңге)

### 2024 жыл

- 1) Ибишов Рысбубы (315 теңге)
- 2) Саянова Нурбаш Жасболатовна (15200 теңге)
- 3) Демежанова Жамал (15000 теңге)
- 4) Токтагулова Нуржамал (15000 теңге)
- 5) Мукатаева Кенжехан (13815 теңге)

Жоғарыда аталған ақшалай қаражатқа қатысты меншік иелері немесе заңды құқықтары бар тұлғалар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мұрагерлер тиісті қаражатты алуға құқылы. Егер көрсетілген мерзім ішінде ешқандай талап немесе өтініш келіп түспесе, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, аталған ақшалай қаражат иесіз деп танылып, мемлекет меншігіне өткізіледі.

Ақсуат ауданы әкімінің аппараты.

## Хабарландыру

"МӘУЛИТ" ШҚ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

### 1. Құжаттаманың атауы:

1) Абай облысы, Ақсуат ауданы, Екпін ауылдық округінде мал бордақылау алаңының құрылысына 2026-2035 жылдарға арналған "МӘУЛИТ" шаруа қожалығына қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін материалдар.

### 2. Әсер ету аймағы: ҚР, Абай облысы, Ақсуат ауданы Екпін ауылы.

Координаталары: Н.1 47°51'27.4500"N 82°49'41.9800"E, Н.2 - 47°51'26.1600"N 82°50'04.5400"E, Н.3 - 47°51'10.6500"N 82°49'55.8000"E, Н.4 - 47°51'11.9100"N 82°49'45.0900"E, Н.5 - 47°50'58.3200"N 82°49'40.1900"E, Н.6 - 47°51'02.2800"N 82°49'25.0500"E.

3. Өткізілетін орны мен күні: ҚР, Абай облысы, Ақсуат ауданы Екпін ауылы, Молдабай көшесі, 33, 2026 жылғы 09 шілде сағат 14.30.

Карантин жағдайында тыңдаулар онлайн режимінде ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы өтеді. Бұл жағдайда қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/3442845942?pwd=ejJ1UEE0bk00ajNCbnRrVj15VHhEdz09>  
Конференция ID: 344 284 5942, Қолжеткізу коды: 526MdR

4. Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы: "МӘУЛИТ" ШҚ, ЖСН 801017300558. Мекен-жайы: ҚР,

Абай облысы, Ақсуат ауданы, Екпін ауылдық округі,

Екпін ауылы Кегенбая көшесі, 24, тел. 8 (7222) 36-05-77

5. Әзірлеуші: "Эко-САД" ЖШС. БСН 110240001067. Мекенжайы: ҚР, Абай облысы, Семей қ., Физкультурная көш., 4в, телефон 8 (701) 607 85 56, [ekosad@bk.ru](mailto:ekosad@bk.ru) электрондық поштасы.

6. Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat> сайтында танысуға болады.

7. Жоспарланған іс-шаралар, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін мына мекенжайға хабарласуға болады "Қазақстан су жолдары" "МӘУЛИТ" ШҚ. Мекенжайы: ҚР, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Екпін ауылдық округі, Екпін ауылы Кегенбая көшесі, 24, тел. 8 (7222) 36-05-77; "Нур-ЭкоПроект" ЖШС. Мекенжайы: ҚР, Абай облысы, Семей қ., Физкультурная көш., 4в, телефон 8 (701) 607 85 56, [ekosad@bk.ru](mailto:ekosad@bk.ru) электрондық поштасы.

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz>, электрондық - [uripr.abay@akimatabai.gov.kz](mailto:uripr.abay@akimatabai.gov.kz); пошта - ҚР, Абай облысы, Семей қ., көш. Тұрлыханова, 30. Телефон 87222 35-44-22

## Объявление

КХ "Маулит", в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

### 1. Наименование документации:

1) Материалы для получения экологического разрешения на воздействие для КХ "МАУЛИТ" на Строительство откормочной площадки КРС в Екпинском сельском округе Ақсуатского района области Абай на 2026-2035 гг.

2. Территория воздействия: РК, область Абай, Ақсуатский район, с. Екпин. Координаты: Т.1 47°51'27.4500"N 82°49'41.9800"E, Т.2 - 47°51'26.1600"N 82°50'04.5400"E, Т.3 - 47°51'10.6500"N 82°49'55.8000"E, Т.4 - 47°51'11.9100"N 82°49'45.0900"E, Т.5 - 47°50'58.3200"N 82°49'40.1900"E, Т.6 - 47°51'02.2800"N 82°49'25.0500"E.

3. Место и дата проведения: РК, область Абай, Ақсуатский район, с. Екпин, ул. Молдабая, зд. 33, 09июля 2026 года в 14.30. В случае введения карантина слушания будут проведены в режиме онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM. В таком случае для участия в общественных слушаниях необходимо пройти по ссылке:

<https://us04web.zoom.us/j/3442845942?pwd=ejJ1UEE0bk00ajNCbnRrVj15VHhEdz09>  
Идентификатор конференции: 344 284 5942, Код доступа: 5Z6MdR

### 4. Инициатор намечаемой деятельности: КХ

"МАУЛИТ", ИИН 801017300558 Адрес: Область Абай, район Ақсуат, Екпинский сельский округ, с.Екпин, ул. Кегенбая, 24, тел. 87222 36-05-77.

5. Разработчик: ТОО "Эко-САД". БИН 110240001067. Адрес: РК, г.Семей, ул.Физкультурная, 4В, тел. +7 701 607 85 56, email: [ekosad@bk.ru](mailto:ekosad@bk.ru).

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: КХ "МАУЛИТ", Адрес: РК, область Абай, Екпинский сельский округ, с.Екпин, ул. Кегенбая, 24, тел. 87222 36-05-77; ТОО "Эко-САД". Адрес: РК, , г.Семей, ул.Физкультурная, 4В, тел. +7 701 607 85 56, email: [ekosad@bk.ru](mailto:ekosad@bk.ru).

8. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний по адресам: на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>, электронный адрес - [uripr.abay@akimatabai.gov.kz](mailto:uripr.abay@akimatabai.gov.kz); почтовый - РК, область Абай, г. Семей, ул. Турлыханова, 30. Телефон 87222 35-44-22

## Құттықтаймыз!



### Құрметті СЕРІКЖАН НҰРПЛАНҰЛЫ!

Сізді қос қуанышыңызбен - 40 жас мерейтойыңызбен және тұңғыш қызыңыз Айшаның мектеп бітіруімен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасылық бақыт тілейміз. Айша қызымыздың қадамы құтты болып, үлкен өмірде өз орнын тауып, сіздерді тек қуанышқа белей берсін!



Ізгі тілекпен: Құмкөл дәрігерлік емхана ұжымы.

## Ақсуат ауданы тұрғындарының және аудандық мәслихат депутаттарының назарына!

Сергізінші шақырылған Ақсуат ауданы мәслихатының бірлескен тұрақты комиссияларының отырысы 2026 жылы 15 маусым күні сағат 10:00- де, мәслихаттың кезекті қырық бесінші сессиясы сағат 11:00- де аудандық мәслихаттың ғимаратында өтеді.

### КҮН ТӨРТІБІНДЕ:

1. Аудан әкімінің өзіне жүктелген қызметтер мен міндеттерінің орындалуы туралы есебі;

**Хабарламашы: Ескендіров Еркін Кәдірбекұлы** - аудан әкімі.

2. Аудандағы егістік, шабындық, жайылымдық жерлерді зиянкестерден қорғау және оларды жоюдағы атқарылған іс шаралар туралы;

**Хабарламашы: Қапанов Данияр Бақытбекұлы** - ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігі АӨК МИК "Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы" ММ Абай облысы Ақсуат аудандық филиалының басшысы.

3. Екпін ауылдық округі әкімінің сайлауалды бағдарламасының орындалуы және 2025 жылы атқарған жұмыстары туралы есебі;

**Хабарламашы: Қараталов Айбек Найманғазыұлы** - Екпін ауылдық округінің әкімі.

4. Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің 2025 жылы атқарған жұмыстары және бюджетінің орындалуы туралы.

**Хабарламашы: Дәуренбекұлы Мирас Дәуренбекұлы**-аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

Өртүрлі мәселелер.

Ақсуат ауданы мәслихатының аппарат басшысы

С.Жаябаев.

## Өткен күндер елесі

## Зұлмат жылдар жаңғырығы

1930 жылдары Кеңес Одағының құрамында болған Қазақстанда 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған және 25 мың адам ату жазасына кесілген. Нақ осы жылдары қазақстандық ғылым, мәдениет және саясат саласының зиялы қауым өкілдері атылған.

Жалпы 1930-1953 жылдары аралығында 40 миллионнан астам кеңес азаматтары репрессияға ұшыраған. Әсіресе бұл заңсыз жазалауға Кеңес Одағы құрамында болған барлық халықтар мен ұлттардың бетке ұстар интеллигенция өкілдері ұшыраған. Осы кезеңде қазақтардың 40 пайызы қаза тапқан. Ал Қазақстан аумағында орналасқан лагерлерге корейлер, поляктар, Еділ немістері, Қырым татарлары, Кавказ халықтары және басқа да ұлт өкілдері қоныс аударылып келген.

Деректер ғаламтордан алынды.



## 31 мамыр

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Бас редактордың орынбасары - жауапты хатшы Гүлмира ДЕМЕУБАЕВА

Индекс 19031. Көлемі 1 баспа табақ. Аптасына бір рет шығады.

Газет редакцияның компьютерінде теріліп, беттелді және Семей қаласындағы (Шугаева көшесі, 30) «ЖШС «Спектр» газетінің орталығында басылды.

Таралымы 1200 Тапсырыс 105



Директор - Бас редактор Ергали ЖҰМАХАН.

Меншік иесі: "Тарбағатай" газеті" ЖШС.

«Тарбағатай» газеті Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеліп, 2023 жылғы 20 қаңтарда №КЗ89VPY00063126 куәлігі берілген.

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмір мен мерзімі 23.03.1994. №1268

Мекен-жайымыз: 180600. Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы, Кәбеков көшесі №19 үй. ТЕЛЕФОНДАР: тілші-факс 2-17-66, электрондық пошта: [tarbagatay@mail.ru](mailto:tarbagatay@mail.ru)

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты. Хатқа жауап берілмейді. «Тарбағатайда» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.